

С. Б. ҚОЯНБЕКОВА

**ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛИСТИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

Тіл біліміндегі зерттеу еңбектерге сүйенсек, жалпы стилистиканың ғылыми пән ретінде қалыптасу тарихы шамамен ХХ ғ. 20–30 жж. бастау алса, ал оның негізгі тармақтарының бірі — функционалды стилистика 50-жылдардан бері пәрменді түрде зерттелініп келеді. Дәстүрлі саланы зерттеу зерттеуші-ғалым И. А. Бодуэн де Куртенэ есімімен тығыз байланыста қарастырылса, орыс тіл білімінде Е.Д.Поливанов, Л.П.Якубинский, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур еңбектері стилистика мәселелерінің жан-жақты әр қырынан зерттелуіне үлес қосты.

Функционалды стилистиканы зерттеу мәселесінде лингвистика мүдделерінің бағыты шұғыл өзгертіліп, тілдің құрылымдық сипатына қарағанда, оның қызмет ету аясына ерекше назар аударылды. Тіл тарихында стилистика ғылымының қалыптасуы әдеби тіл нормаларын зерттеумен тығыз байланыста сабақтастырылып қарастырылады.

Стиль туралы ұғым — ең алдымен әдеби тілдік норма және тіл мәдениеті жөніндегі түсінік. Мұны тіл білімінің дамуында әдеби тілдің тарихы, стилистика, тіл мәдениеті деп аталатын үш пәннің бір кезеңде пайда болып, қатар дамуынан байқауға болады. Бұлардың қалыптасу кезеңдерінің ұлттық әдеби тілдің пайда болу кезеңдерімен сәйкес келуі де кездейсоқтық емес екенін атап көрсету қажет. Тіл мәдениеті мен стильдің дамуындағы байланыс жаппай коммуникациялық қызметте өзектілік танытады. Стиль (ең алдымен сөз стилі) — тереннен жүйеленген құбылыс. Сондықтан да стиль туралы жүйеленген көзқарастың қалыптасуы, жалпы ғылыми сипат алуы ХХ ғасырдан басталады. Стилистикалық құбылыстың қазіргі кезеңге дейін талдануы, стилистиканың құрылымдық сипаттамасы, оның негізгі мәселелері және категориялары туралы түсініктердің ғылыми сипатта бағыт алуы лингвистикалық міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады.

Соңғы онжылдықта функционалды-стилистика бағытын зерттеудің қайта жандануы жалпы лингвистика ғылымында коммуникативті аспектіге қызығушылықты арттыру негізінде нақты материалдарды сараптайтын зерттеулердің стилистика пәнінің өзіне тән ерекшеліктерін тарату, оның проблематикасы, түсінігі, зерттеулердің категориясы мен әдістері бірқатар еңбектерде талданған.

Стилистика өз алдына жеке пән ретінде тіл теориясының бір саласы ретінде ерекшеленетіні Ф.М.Березин, Б.Н.Головиннің «Жалпы тіл білімі». — М. 1979 (XI бөлім), Ю.С.Степановтың «Жалпы тіл білімі». — М., 1966., еңбектерінде нақты талданған. Сондай-ақ стилистиканың жеке ғылым ретінде қалыптасуының айғағы ретінде көптеген халықаралық және бүкілодақтық конференцияларды атап айтуға болады.

Лингвистикада мәтіндердің пайда болуы мен прагматиканың дамуы стилистикалық зерттеулердің пәрменділігін арттырды. Елімізде және шетелдерде өсіресе, Шығыс Еуропа елдерінде стилистика және оның маңыздылығы туралы «Вопросы языкознания» (1954) журналының беттерінде пікірталастар, жаңа бағыттағы көзқарастар тұрғысынан қарастырылу мәселелері өзектілік таныта бастады. Осыған орай, қазіргі тіл біліміндегі стилистиканың орны мен маңыздылығы жөніндегі ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдары жарияланып отырды. Мәселен, Р.А.Будагов өзінің «Литературные языки и языковые стили» еңбегінде «... Стилистика — кез келген дамыған тілдің «жаны». Сондықтан да оған тіл ғылымында және көркем әдебиет ғылымында да ерекше орын берілуі керек», — деген пікір білдірсе, зерттеуші Ю.С.Степанов стилистиканың тілтану теориясымен басқа да ғылым саласындағы өзіндік орнын былайша айқындай отырып, «қазіргі кезде ұлттық мәдениетті, тілді және психологияны зерттеу стилистиканың тіл білімінің ерекше саласы ретінде пайда болуымен нақтырақ бола түсті» — деп сипаттайды [1.101].

Сонымен, стилистика өзіне тән белгілері мен сипатына қарай қалыптасу тарихы бойынша функционалды ғылым деп танылады. Стилистика ғылымы теориялық тұрғыдан кеңінен қарастырылып отыр, алайда оның практикалық құндылықтары да еш төмендетілмейді. Стилистиканың дамуы өсіресе, функционалды стилистиканың дамытылуы, тілді оқыту әдісі және өзге де қосымша салалар үшін тиімді де өнімді болып табылады.

Лингвистика тілтану теориясының іргелі проблемасын зерттеу үшін ең алдымен тіл негізі (тілдің өлеуметтік табиғаты, оның құрылымдық және функционалдық аспектілерінің қарым-қатынас, тілдің қызметтік заңдылықтары, тіл мен ойдың қарым-қатынасы) т.б. мәселелерді, өсіресе соңғы



проблемаларды шешу оларға кешенді жолдар іздеу қажеттігін туындатады. Нақты айтқанда, тілді лингвистикалық, гносеологиялық, әлеуметтік тұрғыдан қарастыру.

Негізінен алғанда, тілдің қызметі стильдің негізі болып табылады. Стильдің анықтамасы тілдің түсіндірілуіне байланысты. Тілдің негізгі белгілеріне оның әлеуметтік мәні, коммуникативтік қызметі, танымдылық жүйелік сипаты т.б. белгілерін тілші-ғалымдар жүйелеп көрсетеді. Алайда тілдің мәнін толық ашып көрсететін еңбектерде тілдің қазіргі анықтамалары бір мәндес емес, бұл стильге берілген анықтамалардың әр түрлі деңгейде болуына әсер етеді.

Мәселен, белгілі тілтанушы ғалым Ф. де Соссюрдің түсіндіруінде: «Тіл – тілдік бірліктердің жүйелілік қатынастарының құндылықтар жүйесі» деп көрсетеді, ал стильдің орны анықталмайды. Сондықтан да Ф. де Соссюр стилистиканы тілдік лингвистикадан бөліп, сөз лингвистикасына жатқызады. Бірақ бұл жағдайда тілдің әлеуметтік мәнінің аясы тарылып және экстралингвистикалық факторлардың тілге деген әсер ету аясы да тарылады. Мұны қазіргі кезеңнің зерттеушілері де атап көрсетті. Мысалы, стилистиканы зерттеуші ғалым В.З.Панфилов: «Лейтмотивам теории Ф. де Соссюра является положение об имманентности языка и его требование не прибегать при объяснении языковых явлений к какому-либо экстраязыковому фактору», – [2,49] деп тұжырымдай келе, тіл ішкі жүйелік қатынастың тілдік өнімнің бірлігі, яғни ешқандай экстралингвистикалық фактор емес деген қорытынды жасайды.

Тілдік құбылыстардың көпқырлылығы мен күрделілігіне байланысты тіл логикалық, құрылымдық-жүйелік, психологиялық т.б. жақтарынан жекелеген түрде жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бұл табиғи процесс. Жалпы алғанда, XX ғасырдағы лингвистиканың үлкен жетістігі ретінде тілдің жүйеленуі мен құрылымдық топтастырылуын атап айтуға болады. Қазіргі кезеңде тілді коммуникативті-функционалдық бағытына байланысты зерттеуді дамыту жұмыстарына өсіресе, оның функционалдық жағынан кең ауқымда қарастырылуына қызығушылық танытылып, баса назар аударылуда.

Жалпылай алғанда, тіл қарым-қатынас құралы ретінде анықталады. Тілдің зерттелу құрылымында басты назар «құрал» сөзіне аударылып, ал сөз тізбегіндегі екінші компонент «қарым-қаты-

нас» деген сөз көленкеде қалады, бұл жерде тілдің әлеуметтік табиғаты мен коммуникативтік қызметі белгіленеді немесе болжам жасалады. Алайда тіл сияқты аса қиын де күрделі түсініктің мәнін анықтау, тек қана құрылымдық сипаттауды ғана емес сонымен қатар функционалдық сипаттауды да талап етеді. Мәселен, Аристотель өз кезеңінде кез келген объектіні зерттеудің екіжақтылығын қарастырған. Яғни оның құрылымдық жағын және оның функционалдық белгілері аспектісінде, бұл қазіргі заманғы философияда да айқын бейнеленгенін байқауға болады.

Стиль – тарихи түсінік, бұл функционалды стиль түсінігіне де қатысты әдеби тілдің даму тарихы ерекшеліктері тілдің стилистикалық ресурстарының қалыптасу процесінде бейнеленеді.

Осындай ерекшеліктерге төмендегі белгілерді жатқызуға болады:

- әдеби тіл ұлттық тіл негізінде қалыптасады;
- әдеби тілдің бір түрі ретіндегі іскери тіл ұлттық тілдің негізінде қалыптасады;

- сөйлеудің жазбаша және ауызша формасы арасында біршама айырмашылықтар көрінеді, тек XIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр басында бірігуі байқалады, ауызекі тілдік пен ресми стильдік бояуын көпке дейін сақтайтын ауызекі тіл құралдары бірте-бірте әдебилене береді [3,27].

Ұлттық әдеби тіл бөрінен бұрын жазбаша формада дами түседі, ақырындап ол өзінің қолданысын әртүрлі салалар: іскерлік, көркемдік, ғылыми, публицистикалық салаларда кеңейте берді. Сөйтіп әдебилену мен ауызекі тілдесу бірте-бірте айқындала түсетіні байқалады.

XIX ғасыр мен XX ғасырларда әдеби тілде құралдардың стильдік бояуының айқындалуы көрінеді. Бұл сөйлеудің жазбаша формасы немесе ауызша-сөйлесу түріне байланысты. Бұл тілдік жүйелерінде келтірілетін әдеби тілдің стилистикалық ресурстарының негізгі стильдік бөлінуі. Бұдан басқа кітаби жазбаша және ауызша-сөйлесу құралдарының айырмашылығы, тіл бірліктерінің стилистикалық сипаттамалары стильдің көтерілуі мен бөсендеуі аспектісінде де көрінеді, мәселен, салтанатты-көтеріңкі және бөсең-ресми. Өз кезегінде кез келген тілдік бірліктер көптеген экспрессивті-эмоционалды стилистикалық реңктермен ерекшеленеді. Бұл стилистикалық бояулар бірліктерді белгілі бір салада, сөйлесу жағдайына, сонымен бірге олардың лексикалық мәнінде қолдану дәстүріне негізделген.



Тіл құралдарының стилистикалық мүмкіндігі бірте-бірте кеңейіп, айқындала береді. Сонымен бірге, тіл құралдарының стилистикалық реңкінің түрі мен маңызы да өзгере бастайды. Көптеген лексикалық бірліктердің стилистикалық-мәндік түрінің Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі өзгерісін салыстырсақ, бұған нақты көз жеткізуге болады. Бұлардың барлығы жазушылардың, публицистердің, ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің сөздік тәжірибенің әсерін және әдеби тіл қызметінің үнемі кеңейуі нәтижесінде, оның ішкі лингвистикалық процестеріне, сонымен бірге функционалды стильдің қалыптасуына, жалпы алғанда – тілдің тарихи дамуына байланысты.

Тілдің стилистикалық ресурстарын байытудың кең мүмкіндіктері, қандай да бір құралдың стилистикалық бояулардың көп түрлілігін кескіндеуді дамыту қабілеті, стильдің белгілі функционалды қалыптасуы әдеби тілдің қалыптасуымен тікелей байланысты. Тек жеткілікті дәрежеде қалыптасқан ұлттық әдеби тіл мен оның бірлік нормалары сөйлеу мәнері, мәні мен ой реңкінің барлық түрін семантика-стилистикалық ресурстар арқылы кескіндеуге қабілетті болып табылады.

Мысалы, Б.Гавранек функционалды стильдің қалыптасуын әдеби тілдің бірлік нормаларының қосылу кезеңімен ғана емес, сонымен бірге оның мәдениетінің жоғарғы деңгейімен, функционалды мүмкіндігінің байлығымен және жоғарғы деңгейде дамыған қоғамның немесе түрлі интеллектуалды саласындағы коммуникациясын жүзеге асыру қабілетімен байланыстыра қарастырады [4, 15]. Қалыптасқан дәстүрге орай тілдік құралдардың бір түрдегі коммуникативті жағдайлардағы стилистикалық мүмкіндігі бірте-бірте жеткілікті дәрежеде тұрақты стильдік реңкте қалыптаса түседі.

Тілдік құралдардағы әртүрлі стилистикалық құралдар, реңктер мен тіл потенциясының қалыптасуына байланысты сөйлеудің стилистикалық біртектілігі барлық жанрда береді. Жоғарыда атап көрсетілгендей, қазіргі кезеңде тілде бір контексте сөйлеуге мән беру мақсатында тілдік бірліктердің дәстүрлі әртүрлі стильдік реңктермен (кітаби, ауызекі сөйлеу, салтанатты, ресми, бейтарап және тағы басқа) соқтығыса пайдаланылады. Алайда бұл жерде сөйлеудің белгілі саласында тілдік бірліктердің функциялану заңдылығына негізделген сөйлеудің жалпы функционалды-

стильдік реңкі сақталады. Нәтижесінде стилистикалық-сөйлесу жүйелілігі, сөйлеуді ұйымдастыру, оның белгілі бір функционалды стильмен байланысы жойылмайды. Дәл осылай М.В.Ломоносовтың «штиль» түсінігінен шығатын стильдің ескі түсінігі жаңа стильге орын босататыны анық байқалады. Құралдарының құрамы бойынша біртекті, бірдей дәстүрлі стилистикалық реңкі стильдің орнына әртүрлі құралдары бар құрамдас, бірақ семантика-функционалды реңкті, сөйлеуді ұйымдастыруда өзіндік реңкі бар стиль, яғни тілдік бірліктермен ерекше өзара байланысқа негізделген стиль құрылады. Енді бұл тіл құралдарының бірдей реңкті жиынтығы емес, ерекше стильдік белгілері бар мәтіндік жазықтық жүйесі болып табылады.

Осылай стильдің түрі өзгереді және стиль өзінің тарихи даму процесінде байи түседі, осыған орай стиль түсінігі де өзгеріп отырады.

Жеке функционалды стильдің қалыптасуына келсек, функционалды стильдің құрылуы тек қана тілдің стилистикалық мүмкіндігіне, оның даму деңгейіне ғана негізделіп қана қоймайды, сонымен бірге коммуникативті мәселелер мен қоғам дамуының дәрежесіне, оның мәдениетіне де байланысты болады. Әрине, дамыған функционалды стильдердің сол кезеңге сай жағдайы мәселен, орыстың ұлттық тілінде тек XIX ғасырда ғана қалыптасты. Алайда осы стильдердің пайда болуы мен олардың негізгі спецификалық (арнайы) стилистика-функционалды белгілері мен кейбір тіл бірліктеріне сәйкес мәндерінің құрылу қатарының тамыры одан да ерте заманда жатқанын байқауға болады.

Олардың қалыптасуының мүмкіндігі коммуникативті мәселелер мен стиль түзуші экстралингвистикалық факторлармен, сонымен бірге тілдің даму деңгейімен байланысты қарастыру қажет. Стиль заңдылығының кейбір арнайы белгілері және оның жеке тілдік құралдар мен функционалды салыстырмалылығы ежелгі кезеңмен байланыстырылады.

Көркем стильдің осындай арнайы белгісі оның көркем үлгідегі сөйлеу нақтылығы сияқты өте ертеден қалыптасуда және ол орыс тіл білімінде «Слово о полку Игореве» шығармасындағы сөздік құралдардағы әдістер мен құралымдардан көрініс табады [5, 39].

Кейінірек стильдік белгілер және тілдік құралдардың функционалды-стильдік мәні, ғылыми сөйлесу саласында сөйлеуді ұйымдастырудың

нормалары қалыптаса бастады. Мәселен, Русьте ғылым іс жүргізуден соң барып дами бастады, ал осы ғылыми ілімді орыстың ұлттық әдеби тілінде беру одан да кеш басталғаны байқалады.

Яғни әлеуметтік сұраным мен қандай да бір қызмет пен сөйлесу түрінің пайда болуы, сонымен бірге осыған байланысты коммуникацияның ерекше мәселелері өмірдегі кезеңге сай келетін функционалды стильдің қалыптасуына өкеледі.

XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында тілдің дамуына байланысты қандай да бір өзгеріске ұшыраған негізгі функционалды стиль қалыптасты. Бәрінен бұрын көптеген жаңа құралдардың әдебиеттану, терминологиялық жүйенің өсуі, оның ішінде семантикалық жетістіктің есебінен (полисемияның дамуы) абстракты лек-

сиканың өсу процесі жүрді. Бұл құбылыстар әсіресе сөйлесу, тілдесудің ғылыми және саяси (публицистикалық) саласында қарқынды дамып жатыр.

Жалпы алғанда тіл білімі тарихында стильдің функционалды қалыптасу және даму тарихы әлі де тереннен жете зерттеу қажет ететін күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Будагов Р.А.* Литературные языки и языковые стили. М., 1967. С.101.
2. *Степанов Ю.С.* Общее языкознание. М., 1966. С.49.
3. *Актуальные проблемы культуры речи.* М., 1970. С.27.
4. *Вопросы языкознания.* М., 1964. №3. С.15.
5. *Шанская Т.В.* Вопросы стилистики. М., 1965. С.39.